

«R-Finance» МҚҰ» ЖШС-ның
2024 ЖЫЛҒЫ «17» 09
№ 67-02 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН



**«R-Finance» Микроқаржы ұйымы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ**

Астана, 2024 жыл

1. Негізгі терминдер

1) **Кемсітушілік** – нәтижесі теңдікті жою немесе бұзу немесе заңды негіздерге емес, ал құқықтарға нұқсан келтіруге негізделген мүмкіндіктерді бұзу болып табылатын кез келген айырмашылық, өзгешелік немесе артықшылық.

2) **Мүдделі тараптар** – клиенттерді, акционерлерді, инвесторларды, қызметкерлерді, Компания контрагенттерін қоса алғанда, мүдделері Компанияның қызметін қозғайтын не мүдделеріне Компанияның қызметі әсер ететін мемлекеттік органдар мен жұртшылықты қоса алғанда, заңды және жеке тұлғалар.

3) **Адам құқықтары** – адамның жеке басына тән қадір-қасиетті, сондай-ақ барлық адамдардың бостандығы мен теңдігін тануға негізделген әр адамның ажырамас құқықтары.

4) **Мәжбүрлі еңбек** – қандай да бір адамнан қандай да бір жаза қолдану қатерімен талап етілетін, оны орындау үшін бұл адам ерікті түрде өз қызметтерін ұсынбаған кез келген жұмыс немесе қызмет.

5) **Компания** – «R-Finance» МҚҰ» ЖШС.

2. Жалпы ережелер

1. «R-Finance» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Адам құқықтары саласындағы саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкес адам құқықтарын сақтау мәселелері бойынша «R-Finance» МҚҰ» ЖШС-нің (бұдан әрі – Компания) негізгі міндеттемелерін белгілейді.

2. Саясат Қазақстан Республикасының Конституциясына және Еңбек кодексіне сәйкес әзірленген, сондай-ақ адам құқықтары саласындағы халықаралық құжаттарды, соның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей:

1) Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын.

2) Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті.

3) Халықаралық еңбек ұйымының еңбек саласындағы негізгі қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясын.

4) Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтары аспектісіндегі кәсіпкерлік қызметтің басшылық қағидаттарын.

5) Біріккен Ұлттар Ұйымының жаһандық шартын ескереді.

3. Компанияның барлық қызметкерлері атқаратын лауазымына және Компаниядағы жұмыс мерзіміне қарамастан, өз лауазымдық міндеттерін орындау немесе Компанияның мүдделерін білдіру шеңберінде Саясатты сақтауға міндетті.

4. Компания өз контрагенттері мен үшінші тұлғалардың Саясатта көрсетілген талаптарды орындауға деген ұмтылысын құптайды. Саясат талаптары тиісті міндеттер олармен жасалған шарттарда бекітілген не Қазақстан Республикасының заңнамасынан тікелей туындайтын жағдайларда

Компанияның контрагенттеріне, оның ішінде өнім берушілерге, агенттерге, консультанттарға, өкілдерге және өзге де тұлғаларға қолданылады.

5. Саясат Компанияның мүдделі тараптарын Компания ұстанатын адам құқықтары саласындағы тәсілдері туралы хабардар ету үшін Компанияның корпоративтік сайтында орналастырылған жария құжат болып табылады.

3. Негізгі міндеттемелер

6. Компания өз қызметкерлерімен, клиенттерімен, контрагенттерімен және өзге де мүдделі тараптарымен адал қарым-қатынастар әділеттілік пен адам құқықтарын құрметтеу қағидаттарына негізделетінін мойындайды.

7. Компания өз қызметімен тікелей байланысты адам құқықтарына жағымсыз әсерлердің алдын алуға немесе азайтуға тырысады, сондай-ақ жанама теріс әсер етуден аулақ болады, егер ол орын алған жағдайда мұндай әсердің салдарын жояды если оно имело место.

8. Компания өз қызметкерлеріне, клиенттеріне, контрагенттеріне және өзге де мүдделі тараптарына қатысты ұлттық және нәсілдік тиесілілігі, жынысы, жасы, денсаулығы, саяси және діни тиесілігі бойынша шектеулері және басқа да жеке сипаттамалары бойынша кемсітуге жол бермейді.

9. Компания өз қызметкерлеріне, клиенттеріне және өзге де мүдделі тараптарына қатысты жеке өмірге қолсұғылмаушылықты, жеке және отбасы құпиясын, дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етеді.

10. Компания қызметкерлердің жұмыс орнындағы теңдік құқығын сақтайды, оның ішінде қызметкерлердің іскерлік қасиеттерімен байланысты емес мән-жайлар бойынша еңбек құқықтарындағы шектеулерге жол берілмейді деп санайды. ЖШС нақты тұжырымдалған және жалпы қабылданған жұмысқа қабылдау және еңбекті нормалау қағидаларына сәйкес барлық жұмыс орындарына үміткерлер мен қызметкерлерге тең мүмкіндіктер береді.

11. Компания ерлер мен әйелдерге еңбекақы төлеуде құқықтар мен кепілдіктердің теңдігін қамтамасыз етеді (жынысы бойынша кемсітусіз) және өз қызметкерлеріне тең жұмыс үшін бірдей еңбекақы төлеуді қамтамасыз етеді.

12. Компания жұмыс уақытына, мереке күндеріне және қызметкерлердің жыл сайынғы ақылы демалысына қатысты ұлттық заңнама нормаларын сақтайды.

13. Компания барлық жұмыс орындарының тиісті ұйымдастырылуын, қажетті санитарлық-гигиеналық және тұрмыстық еңбек жағдайларын қамтамасыз ете отырып, қауіпсіз және жайлы жұмыс ортасын сақтауға бағдарланған.

14. Компания қызметкерлердің ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығын қоса алғанда, олардың мүдделерін қорғау үшін бірлестіктер бостандығына құқығын құрметтейді және кепілдік береді.

15. Компания мәжбүрлі еңбекті пайдаланудың кез келген түріне қатыспайды және құлдықтың кез келген түрін пайдалануды, соның ішінде

адам саудасын құптамайды. Күш немесе жаза қолдану қатерімен кез келген мәжбүрлі жұмысты орындауға жол берілмейді.

16. Компания балалар еңбегін құптамайды және қолданудан аулақ болады. 18 жасқа дейінгі адамдардың жұмысы мұндай адамдарда тиісті қызмет саласы бойынша жеткілікті арнаулы білімнің немесе кәсіптік даярлықтың болуы, тәуекелдердің болуы тұрғысынан тиісті бағалауға жатады және денсаулық пен дамуға теріс әсер етуді болдырмау мақсатында денсаулық жағдайына, еңбек жағдайларына және жұмыс уақытына тұрақты мониторинг жүргізумен сүйемелденеді.

17. Компания өз қызметкерлеріне, клиенттеріне, контрагенттеріне қатысты психикалық немесе физикалық мәжбүрлеуді, зорлық-зомбылық пен қысымды қолдануға, соның ішінде жыныстық қудалауға немесе сөзбен балағаттауға жол бермейді.

18. Компания қызметкерлердің азаматтық құқықтарын құрметтейді және олардың жеке тұлға ретінде саяси қызметке қатысу құқығын таниды. Мұнымен қоса, Компания саяси қызметті қаржыландырмайды және саяси партиялар мен ұйымдарға қолдау көрсетпейді.

19. Компания қызметкерлері клиенттердің жағдайы мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін өнімдерді және/немесе қызметтерді ұсыну, клиенттерге шарттарды, артықшылықтарды, тәуекелдер мен шығындарды түсінуді жеңілдету, кез келген кемсітушілікке жол бермеу арқылы оларға ілтипат танытуға міндетті.

20. Компания өз контрагенттерінің осы Саясатпен танысуы үшін шаралар қабылдайды. Компанияның контрагенттері адам құқықтарын, соның ішінде өз қызметкерлерінің еңбек жағдайларын қатаң сақтайды деп күтілуде.

21. Компания әлеуметтік қауіпті қызметпен айналысатын клиенттерді қаржыландыруды шектеу құқығын өзіне қалдырады.

22. Компания әлеуетті клиенттерді әлеуметтік және экологиялық әсер ету тұрғысынан бағалау рәсімін жүргізу, сондай-ақ қызметі әлеуметтік немесе экологиялық қолайсыз болып табылатын клиенттерді қаржыландыруды шектеу құқығын өзіне қалдырады.

23. Компания барлық мүдделі тараптардың өз қызметі туралы ақпарат алу құқығын құрметтейді және жергілікті қоғамдастықтармен ашық және тікелей диалог жүргізуге кепілдік береді.

4. Саясатты сақтау

24. Компания қызметкерлері атқаратын лауазымына және Компаниядағы жұмыс мерзіміне қарамастан, Қазақстан Республикасының адам құқықтары саласындағы заңнамасын және бизнесті іскерлік жүргізудің әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауға міндетті.

25. Қазақстан Республикасының адам құқықтары саласындағы заңнамасын және осы Саясатты бұзуды Компания өз қызметкерлеріне тәртіптік және өзге де жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғуы мүмкін елеулі теріс қылық ретінде қарайды.

26. Компания кез келген мүдделі тараптан адам құқықтары саласындағы мәлімдемелер мен сұрау салуларды алу, объективті бағалау және оларға жауап беру үшін кері байланыс жүйесінің болуын қамтамасыз етеді.

27. Компания қызметкерінде Компанияда адам құқықтары саласындағы бұзушылықтың орын алғанына дәлел немесе негізделген күдік болған жағдайда, бұл туралы тиісті бұзушылықтарды сипаттайтын ақпаратты қоса бере отырып, Компанияның кадр мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімшесіне хабарлауы қажет.

28. Компанияда анықталған фактілерге немесе адам құқықтары саласындағы ықтимал бұзушылықтарға байланысты мүдделі тараптардың өтініштері үшін құпия Жедел желісі жұмыс істейді. Өтініштерді мына электрондық поштаға жіберуге болады: ethics@r-finance.kz.

29. Компания келіп түскен барлық хабарламалардың құпия қаралуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ бұзушылықтар туралы ақпаратты немесе негізделген күдіктерді адал берген тұлғаларға осындай хабарламамен байланысты кез келген жағымсыз салдарлардан қорғауға кепілдік береді. Саясатта көзделген қорғау шаралары ақпаратты жосықсыз немесе пайдакүнемдік мақсаттарда, оның ішінде көрінеу жалған ақпаратты жіберген Компания қызметкерлеріне қолданылмайды.

30. Тәуекелдер анықталған және/немесе бұзушылықтар туындаған жағдайда Компания жағымсыз салдарларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын жедел әзірлейді, сондай-ақ адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету практикасын жетілдіру жөнінде шаралар қабылдайды.

31. Өз әрекеттерінің Саясат ережелеріне сәйкес келуіне күмәнданатын Компания қызметкерлері Компанияда адам құқықтарының сақталуын бақылауға жауапты тұлғаға консультация алу үшін жүгінуге құқылы.

5. Қорытынды ережелер

32. Саясат, сондай-ақ оған барлық толықтырулар мен өзгерістер Компанияның бас директорының шешімімен бекітіледі, өзгертіледі, күші жойылды деп танылады.

33. Саясат қажеттілігіне қарай оның өзектілігі мен Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін адам құқықтары саласындағы халықаралық практикаларға сәйкестігі тұрғысынан қайта қаралады.

34. Саясаттың орындалуын жалпы бақылауды Компанияның Компанияның кадр мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады.

35. Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары қызметкерлерді Саясаттың ережелері және оның әрбір қызметкерге бекітілген ережелерін сақтау жөніндегі міндеттері туралы хабардар етуге жауапты. Жаңадан қабылданған қызметкерлердің Саясатпен танысу жауапкершілігі Компанияның кадр мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімшесіне жүктеледі.

36. Саясатта көрініс таппаған барлық мәселелер бойынша Компания Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ Компанияның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

37. Егер Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін өзгерту нәтижесінде Саясаттың жекелеген ережелері оларға қайшы келсе, Саясатқа өзгерістер енгізілген сәтке дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алған жөн.
